

«Күншуақ» жекеменшік  
бөбекжай-бақшасы»  
әдіскері: Жақсылықова А.Ә.

## «ЖАҢА ЖЫЛ»

(МАТ «Алтын сақа» тобының ұйымдастырылған мерекелік ертеңгілігі)



Тәрбиеші: Жамишова Г

Орысбаева А

Таушық ауылы. 24.12.2024ж

**Ханшайым-Жүргізуші:** Құтты болсын, Жаңа жыл барша халық!  
Қуанышқа , шаттыққа тамсанайық.  
Бірімізге шынайы тілек тілеп,  
Бар әлемге бақытпен жар салайық!

**Аршат-жүргізуші:** Армысыздар, Құрметті ата-аналар, қымбатты балабақша бүлдіршіндері және бүгінгі кешіміздің қадірлі қонақтары! Сіздерді Жаңа жыл мерекесімен құттықтаймыз!  
«Алтын сақа» тобының Жаңа жылдық кешіне қош келдіңіздер!

Ерте, ерте ,ертеде, алыс бір өлкеде үлкен шаһар болған екен. Ол шаһарда көрсе көз тоймайтын, ішінде бұлбұл сайрайтын әдемі хан сарайы болыпты. Ол хан сарайында патша мен патшайымның сұлу ханшайымы өмір сүріпті. Сұлу ханшайым тәтті ұйқыға кетіп, кереметтей түс көреді . Түсінде Патша сарайында үлкен Жаңа жыл тойланып жатыр екен.

**Алихан-Патша:** Менің сұлу ханшайымым қайда.

**С.Әлинұр-Уәзір :** Сенің сұлу ханшайымың ұйықтап жатыр.

**Алихан-Патша:** Ұйықтағаны несі. Оятыңдар!

**С.Әлинұр-Уәзір :** Ханшайым , ояныңыз!

**Медина-Ханшайым :** Бәрі қайда кеткен, мен жаңа мына жерде биледімғой . Менің достарым қайда кеткен? Жылайды.

**С.Әлинұр-Уәзір:** Патшам, патшам, Сұлу ханшайым жылап отыр.

**Алихан-Патша:** Жылағаны нес.Оған кім тиісті.

**Алихан-Патша:** Қызым саған не болды, менің сұлу ханшайымыма кім тиісті?

**Медина-Ханшайым:** Әке, жо-жоқ, мені ешкім ренжіткен жоқ, түс көрдім.Түсімде хан сарайында кереметтей Жаңа жыл өткен. Мен сол жерде билеп ән салдым. Әке мен Аяз атаны көргім келеді. Хан сарайында жаңа жыл мерекесі болсыншы.

**С.Әлинұр-Уәзір:** Ханшайым Аяз атаны не істейсің ,Аяз атасызда , қызыққой мында. Маған Аяз ата ұнамайдыда.

**Алихан-Патша:** Жоқ, Менің уәзірлерім қайда?

**С.Әлинұр-Уәзір:** а ханием.

**Алихан-Патша:** Менің бұйрығымды тыңдаңдар! Бүгін біздің сарайда кереметтей жаңа жыл кеші өтеді. Бәрі келетін болсын. Аяз атаға да хабар беріндер!

**С.Әлинұр-Уәзір:** Құп тақсыр!

**А.Әлинұр-Уәзір:**Тыңдаңыздар, тыңдаңыздар! Патшаның бұйрығымен хан сарайында жаңа жыл кеші өтеді. Барлығын шақырамын. Азаймасын әніміз, ел көңілін көтерсін.Ортада «Шыршаға бардық» әні қарсы алыңыздар!

**Хор:** «Шыршаға бардық.

**Алихан-Патша:** жүр қызым, бізде бірге ән айтайық!

**Медина-Ханшайым:** Әке, әке, мен достарымды көріп қуанып қалдым.

**Алихан-Патша:** Ой, тамаша! Ән айтып көңіліміз көтеріліп қалды.

**Ханшайым-жүргізуші :** Біздің достарымыз тек ән айтып қана қоймай, Жаңа жылға арнап жыр – шумақтарын да ала келіпті. Тыңдап көреміз бе?

**Тақпақтар:** *Гауһартас, Мансұр, Кәусар, Нұрдос, Жұлдызай, Нұралы, Ақбөбек, Хафиз.*

**Гауһартас:** Жапалақтап ақша қар,  
Жауды күнде қайталап,  
Қырға шықты балалар.  
Шаңғыларын арқалап.

**Нұрдос:** Тамаша, тамаша.  
Шыршамыз тұр жараса.  
Басында сем жұлдызы  
Көз тоймайды қараса.

**Әбілмансұр:** Оралды өлкеме,  
Жаңа жыл , армысы!  
Оранды ақ көпеге,  
Асқартау қарлы шың.  
**Кәусар:** Қалып едік сағынып,  
Күтіп алық жабылып.  
Жолын қойдық жарық қып,  
Шыршаларға шам іліп.

**Жұлдызай:**  
Айналамда ұшып жүр,  
Ақ мамық қар себелеп.  
Қалт-құлт еткен бейне бір,  
Ақ қанатты көбелек.  
**Нұралы:** Жасыл желен жамылған,  
Асыл моншақ тағылған.  
Міне сұлу шыршамыз  
Көптен күтіп сағынған.

**Ақбөбек.** Әдемілеп біз ілген  
Ойыншықтары тізілген.  
Қандай әсем шыршамыз.  
Ән шырқайық баршамыз.

**Хафиз:** Тамаша, тамаша!  
Шыршамыз тұр жараса.  
Басында әсем жұлдызы  
Көз тоймайды қараса.

**Аршат:** Ханшайым, біздің кішкентай достарымыз өздері өнерлі екен. Өздерінің «Періште» биін алып келген сияқты. Қане тамашалайық.

**Би:** «Періште биі»

**Алихан-Патша:** Бәрекелді, жарайсындар. Қараңдаршы біздің жаңа жыл кеші неткен керемет өтіп жатыр. Мына әсем шыршамыздың ойыншықтары қандай әдемі, алуан түрлі. Достарымызда әдемі киініп келген, өнерлеріде тамаша. Кел, достарым бірге жаңа жылға арнап ән шырқайық.

**Ән:** Жаңа жыл

**Ғажайып сәт:** Құмырсқа мен шегіртке.

**Алихан -патша:** Бәрекелді, Еңбексіз өмір. Сөнген көмір.

**Медина:** Әке маған жаңа жыл кеші ұнап жатыр. Бірақ әке, біздің шыршамыз көңілсіз. Шамдары жанбай тұр. Шыршамыздың шамдарын жағуға Аяз ата мен Ақшақар жетіспей тұрған сияқты.

**Патша:** Дұрыс айтасың қызым. Қане барлығымыз бірге шақырайық.

Балалар: Ауууу, аууууу. Аяз ата, Ақшақар.

**Аяз ата:** Амансындарма ұлдарым!  
Амансындарма қыздарым!  
Қандай солғын жүздерің,  
Неге сонша мұңайдың.  
Бізді күтіп алаңдап,  
Шаршадыңдарма балаларым!  
Сендерге не болған? Неге көңілсізсіңдер?

**Ханшайым:** Сәлеметсіздер ме, Аяз ата, Ақшақар. Қош келдіңіздер!

**Аршат:** Біздің достар сізді ұзақ күтті. Біздің шыршамыз көңілсіз.

**Аяз ата:** Қане, бірге шырша шамын жағайық.

**Балалар:** Қуант бізді таңырқат,  
Шырша шамы жана түс.

(Алақай, шырша шамы жанады)

**Ханшайым:** Ортада әсем вальс. Қабыл алыңыздар.

**Би:** Вальс биі.

**Аршат:** Аяз ата, біздің достарымыз сіздерге арнаған жыр-шумақтары бар. Қабыл алыңыз.

**Тақпақтар:** *Айзере, Алихан, А.Әлинұр, Асма, Досхан, С.Әлинұр, Жарас, Аршат.*

**Айзере:** Келді тағы жаңа жыл,  
Қуантумен біздерді,  
Құтты болсын қуаныш  
Құттықтаймыз сіздерді.

**Алихан:** Тілеймін мен бар әлемге,  
Дос көп болсын жаңа жыл  
Ата-әже, әке-шеш  
Құтты болсын Жаңа жыл.

**А.Әлинұр:**  
Аспан жерге төгеді,  
Ақ күмісін уыстап  
Жаңа жылда келеді  
Бізге қарай жылыстап.  
**Асма:**  
Аяз-ата ақ сақалды,  
Ақ таяқты паң ата,  
Асып өтіп асқар тауды  
Жеттің бізге таң ата.

**Досхан:**

Аппақ тонға оранып,  
Базарлықты мол алып.  
Келді алыс сапардан,  
Аяз ата оралып.

**С. Әлинұр:**

Ақ қырауға малынған,  
Сақалы да мұрты да  
Аяз ата сағынған,  
Сәлем береді жұртына.

**Жарас:**

Қайда қызық думан болса,  
Аяз ата сонда болды.  
Балалармен бірге ойнап,  
Балалармен бірге қонды.

**Аршат:**

Жаңа жылды қарсы алдың,  
Мініп алып күймеге.  
Мен де бүгін ән салдым  
Араластым бигеде.

**Медина-Ханшайым:** Бақша іші мереке,  
Ойын күлкі асқақ ән.  
Аяз ата жаңа кеп  
Мерекені бастаған.

Ортада «көңілді жігіттер» биі қарсы алыңыздар.

**Аяз ата:** Бәрекелді. Өнерлі балалар екенсіңдер. Жаңа жыл мерекесіде өте керемет өтіп жатыр.

**Ақшақар:** Балалар ,қандай керемет, өнерлі балалар екенсіңдер. Бәріміз бірге ортаға жаңа жыл жылан жылын шақырайық.

**Жылан:** Мен- Жаңа жылмын,  
Мен – Жаңа нұрмын,  
Мен-жаңа жырмын,  
Баршаңызбен біргемін,  
Тағат таппай күткенің  
Бұл жылан жылымын  
Әкелемін баршаңа  
Жаңа бақыт, жаңа жыр.

*Тақпақтар: Райана, Ақансері, Нұрхан, Асылтас, Шапағат, Айжұлдыз, Аянат.*

**Медина:** әке жаңа жыл мерекесі өте керемет өтті бәріде әдемі әсем киініп жиналып қалыппыз, ендеше бірге жаңа жыл әнімізді шырқайық

